

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2003 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытындыны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 28 желтоқсан N 1401

1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарларын ұсынудың және қорытынды (келісу) алудың тәртібі туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2003 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытынды (бұдан әрі - Қорытынды) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қорытындыны Ресей тарабына дипломатиялық арналар бойынша жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 8 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 4 0 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2003 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытынды

Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей тарабы ұсынған 2003 жылға арналған ғарыштық аппараттарды ұшырулар жоспарын қарап, "Протон-К", "Союз-ФГ", "Союз", "Зенит", "Циклон-М" зымыран-тасығыштарымен ғарыштық аппараттарды ұшыруларды келіседі. "Протон-М" зымыран тасығыштары мен ғарыштық аппараттарды ұшыруларды келісу туралы мәселе Қазақстан Республикасының "Протон-М" зымыран тасығышының жобалық-конструкторлық құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын және "Протон-М" зымыран тасығышын ұшырудың қоршаған ортаға әсерін құралдармен бақылау жүргізу жөніндегі есептік материалдарды ұсынғаннан кейін қаралады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның ұсынымдарын және "Байқоңыр" кешенінде орналасқан құрлықаралық баллистикалық зымырандардың шахталық ұшыру қондырғыларының (бұдан әрі - ҚБЗ ШҰҚ) құқықтық мәртебесін реттеу бойынша мәселені шешудің ұзаққа созылғанын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды сынақтық ұшырудың 2003 жылдың бірінші жарты жылдығына арналған жоспарын келіседі.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Үкіметі инспекциялық және хабарлаушылық қызметті келісуді және Ресей тарабының:

- 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартына сәйкес оларды тағайындаулар бойынша пайдалануды аяқтаған соң ҚБЗ ШҰҚ-ты жою бойынша ;

- аталған ҚБЗ ШҰҚ орналасқан жерлердегі жер телімдерін қалпына келтіру бойынша жұмыстарды қаржыландыру және жүргізу жөніндегі кепілдіктерді беруін қамтуы тиіс "Байқоңыр" ғарыш айлағында орналасқан ҚБЗ ШҰҚ-тың құқықтық мәртебесі түпкілікті шешілгеннен кейін ғана "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды сынақтық ұшырудың 2003 жылдың екінші жарты жылдығына арналған жоспарын келісу мәселесін Қазақстан тарабы қарайтындығын атап көрсетеді.

1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшыру жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсынудың және алудың тәртібі туралы келісімнің 2-бабының 2-абзацында мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу және жалға берілген мүлкіне ажырамас жақсарту енгізуді келісу үшін "Байқоңыр" кешенінің жаңа объектілерін салу мен пайдаланылатын объектілерін қайта жаңарту жобаларын ұсыну көзделуіне байланысты Ресей тарабы ұсынған "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне ажырамас жақсарту енгізу жоспары 2003 жылы және "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне ажырамас жақсарту енгізу туралы есеп 2002 жылы қарауға қабылданбайды.